

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Тыңдалым және айтылым
Оқу мақсаты	3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді анықтау 3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> - Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді - Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен баяндайды Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану
Орындау уақыты	20 минут
1-тапсырма	
Мәтінді мұқият тыңда. Мәтінге тақырып қой. Мәтіннен суреттегі жануарлар туралы қандай маңызды ақпарат алдың? Кестеге жаз.	

Пілдер шөппен қоректенеді. Олар тәулігіне 2-3 сағат қана ұйықтайды. Денесі үлкен болғандықтан, көп уақытын қорек іздеумен өткізеді. Дерек бойынша, олар бір тәуліктің 20 сағатын тамақ іздеуге жұмсайды. Пілдер тәулігіне 45-тен 450 келіге дейін шөп жеп, 100-300 литр су ішеді.

Жер бетіндегі жануарлардың арасында миы ең үлкені – піл. Олардың миының салмағы 5 келіні құрайды. Сондықтан оларды үйретуге болады. Пілдер 60 бұйрыққа дейін жаттай алады екен. Сонымен қатар пілдер мұнайып, уайымдап, сағынып, өзге тұқымдастарына көмектесе алады. Сондай-ақ, кейбірі музыкаға, сурет салуға қабілетті.


Ақбөкен – жұптұяқты ұсақ жануар. Оның денесінің ұзындығы 110-146 см, салмағы 23–40 кг. Түгі сары қызыл, қыста түлеп, ашық сұр түске боялады. Имек мұрнынан оңай тануға болады. Аталығының ғана мүйізі болады, ұзындығы 30 см. Ақбөкен – ұзақ қашықтыққа жүре беретін қоныс аударатын жануар. Шағын су қоймаларынан жүзіп өте алады. Ақбөкеннің жылдамдығы 80 км/сағ жетуі мүмкін.

- Мәтін бойынша маңызды ақпаратты анықтайтын 1 сұрақ құрастыр және жауап бер.

2-тапсырма

Кестеге сүйеніп, мәтін жаз.



3.Өлеңнен **эпитет** сөздердің астын сыз

Гүлдер,гүлдер,не түрлі,
Қызыл гүлдер,көк гүлдер.
Тұра берші ырғалып,
Тұра берші нұрланып.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	мәтінге тақырып қояды;	1
		мәтіннен маңызды ақпаратты анықтайды:	1
		1-ақпарат;	1
		2-ақпарат;	
Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен баяндайды Өлеңнен эпитет сөздерді табады	2	мәтін бойынша маңызды ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақ құрастырады;	1
		сұраққа жауап береді;	1
	3	мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды;	1
		мәтіндегі маңызды ақпараттарды қамтиды;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
		Өлеңнен эпитет сөздерді табады	2
Барлығы			10

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері

Оқылым
Жазылым

Оқу мақсаты

3.2.3.1 Шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды білдіретін сөйлемді анықтайды
- Мәтінді бөліктерге бөліп, жоспар құрады
-

Орындау уақыты 20 минут
1-тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Мақта-аса бағалы өсімдік. Одан талшық алынады.

Мақта құнарлы топырақты және ылғалды ұнатады. Ол суармалы жерде өсіріледі. Мақтаның биіктігі 1–1,5 м. 1–2 негізгі бұтақтан 10–15 жанама бұтақша тарайды, одан кейін осы бұтақшаларға гүл мен қауашағы шығады. Піскен кезде қауашағы ашылады. Одан үлпілдеген ақ мақта көрінеді. Гүлі жеке, ірі сары не ақ түсті болады. Мақта сәуір-мамыр айларында толықтай егіліп бітеді. Шиті жерге түскеннен кейін жер құнарлылығы жақсы болса 5-10 күннің көлемінде жер бетіне шығады. Ал егер жер бетіне шықпай тұрып, жаңбыр жауған жағдайда, тез арада бетін тырнап шығу қажет. Себебі жердің беті қатып мақта тұншығып қалады. Мақта өсіп жетілемін дегенше, арам шөптерден тазалап, түрлі зиянкестерден қорғайтын химиялық заттар беріліп тұрады. Жылына 2 рет суарады.

- ❖ Мәтінге ат қой. _____
- ❖ Мәтіннің негізгі ойын білдіріп тұрған сөйлемді тауып, көшіріп жаз.

- ❖ Мәтін бойынша маңызды ақпаратты анықтайтын 1 сұрақ құрастыр және жауап бер

- ❖ Мәтіннен қандай маңызды ақпарат алдың? Кестеге жаз.



- ❖ Бұл әңгімелеу мәтіні ме, әлде сипаттау мәтіні ме? Дәлелде.

2-тапсырма

❖ Мақтадан не жасалады?

❖ Мақта Қазақстанның қай өңірінде өсіріледі?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды білдіретін сөйлемді анықтайды	1	мәтіннің тақырыбын анықтайды;	1
		мәтіннің негізгі ойын білдіретін сөйлемді тауып жазады;	1
		мәтін бойынша маңызды ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақ құрастырады;	1
		сұраққа жауап береді;	1
		мәтіннің түрін анықтайды	1
		мәтіндегі маңызды ақпараттарды қамтиды	1
Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен баяндайды	2	мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды;	1
		мәтіндегі маңызды ақпараттарды қамтиды;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
		сөйлемдерді қатесіз жазады	1
Барлығы			10

Оқушының аты-жөні: _____

Әдебиеттік оқу ТЖБ№1

Нұсқа: 1

Тыңдалым және айтылым

1. **Берілген үзіндіні мұқият тыңда.** Балалар орманнан қандай жанды табиғат мүшелерін көрді деп ойлайсың? Орманның керемет күйде болуының себебі неде болуы мүмкін? Көркем сөздерді қолданып, оқиғаны жалғастырып айт.

Бірде менің ең жақын досым екеуміз көктемгі орманда серуендеуіміз керек деп шештік. Себебі қыста біз табиғатты сағындық. Бұл серуен табиғаттың барлық әсемдіктерін еске түсіруге көмектеседі. Біз барғанда орманда әлі де қар жауып тұрды. Ол бізге қысқы суықты есімізге түсірді. Бірақ біз орманға кірдік. Орман жаңарып, өмірін қайта бастағандай, бәрі өте әсем және салтанатты болып көрінді. Біз құстардың орманға жайылған керемет әндерін тыңдадық. Кейбір жерлерде біз көктемгі гүлдерді байқадық. Біз орманнан керемет жағымды әсерге бөлендік. Бұл таңғажайып серуен бізге ерекше күш-қуат беріп, енді....

- Балалар орманнан қандай әсер алды? Жаз .

- Мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған 1 сұрақ құрастыр және жауап бер.

[6]

Оқылым

2. **Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.**

Биыл қар қалың түскен еді. Бірақ көктем шығысымен, күн тез жылынды. Қар еріп, сарқырап су аға бастады. Түс мезгілінде, сабақтан қайтқанда өткел іздеп, сай жағалап жүргеніміз. Балалар арнасы тарлау жерден кешіп өтті. Ең соңында кішкентай екі қыз тұрып қалды. Балалардың ішінен бойшаңдауы оп-оңай секіріп өтті де, қыздарға қолын созды. Қыздар аман – есен судан өтті. Балалар қуана-қуана үйлеріне жетті.

- Ең соңында кішкентай екі қыз неліктен тұрып қалды деп ойлайсың?

- Бойшаңдау бала не істеді?

1. Қыздар суден өткізген балаға не дегені дұрыс болар еді деп ойлайсың? Неліктен? (+)

Алғыс айтқаны

Үндемегені

Себебі, _____.

2. Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсың?

3. Мәтінге ат қой.

[5]

Жазылым

4. Берілген сұрақтардың көмегімен оқыған мәтінді 3 бөлікке бөл. Әр бөлікке ат қой.

Мәтін бөліктері	сұрақтар	Жоспар/тақырып
Оқиға неден басталды?	Мәтін не туралы? Табиғатта қандай өзгеріс болып жатты?	
Әрі қарай не болды?	Мектептен қайтқанда түсте не болады? Балалар қалай судан өтті?	
Оқиға қалай аяқталды?	Бойшаң бала қыздарға не істеді?	

[3]

5. Өздері үлкендердің қамқорлығын көрген қыздар кейін не істейді деп ойлайсың? Қыздарға қатысты 1 сөйлем құрап жаз.

[2]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
------------	-------	------	-----------------

1	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Балалар орманнан тиін, тоқылдақ, тб жануарларды көрді деп ойлаймын. Орманның керемет күйге түсуінің себебі - ағаштар бүршік жарып, құстар сайрауда. Бұл таңғажайып серуен ерекше күш-қуат беріп, енді балалар ауырмайтын болды. Әрі сабақтарын да ерекше ынтамен оқи бастады.	1	Берілген әңгімеге сәйкес болжам жасай отырып, мәтінді жалғастырады.
		1	Оқиғаның логикалық жүйесін сақтайды.
		1	Сөйлеу барысында көркем- бейнелі сөздерді қолданады.
	Орманнан керемет жағымды әсер, ерекше күш-қуат алды.	1	Мәтіннің мазмұнына қатысты баламалы сұрақтар мен жауаптар қабылданады
	Балалар неліктен көктемгі орманға барды деп ойлайсың? тсс	1	
	Табиғатты сағынды, қыстың ызғарынан шаршап, жылулық сезінгісі келді.тсс	1	
Барлығы		6	

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
2	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Екі қыз кішкентай болғандықтан судың арнасы тарлау жерден кешіп өте алмайтын болды.	1	Сұрақтардың мазмұнына сәйкес болатын баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Бойшыңдау бала судан оп-оңай секіріп өтті де, қыздарды судан өткізді.	1	
	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Қыздар суден өткізген балаға алғыс айтқаны/рақмет дегені дұрыс болар еді. Себебі бала оларға көмектесті.	1	
	<i>Үлкендер кішілерге қамқор болуы керектігін айтқысы келді. тсс</i>	1	
	Қамқорлық /Кішіге көмек	1	
Барлығы		5	

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
3	Білім алушының ықтимал жауаптары: Күннің жылынуы	1	

	Балалардың өткел іздеуі	1	
	Кішкентай қыздардың судан өтуі	1	
	Үлкендердің қамқорлығын көрген қыздар кейін өздері де кішілерге қамқор болып жүретін болады.	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы сөйлемдер де қабылданады.
	Қыздар, келесіде көмек берген адамға алғыс білдіруді ұмытпаңдар!	1	
Барлығы		5	

Қазақ тілі пәнінен «Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау
1-тоқсан БЖБ №1

Оқушының аты-жөні: _____

**Сөйлеу әрекетінің
түрлері**
Оқу мақсаты

Тыңдалым, жазылым

- 3.1.2.1 Мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау.
- 3.2.1.1 Тірек сөздер/көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау;

Бағалау критерийі

Білім алушы

- ☐ Мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды.
- ☐ Тірек сөздер/көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтайды;

**Ойлау дағдыларының
деңгейі**
Орындау уақыты

Қолдану


20 минут

1-тапсырма: Мәтін сұрақтарын және ортақ қасиетін тауып жаз.

Сипаттау мәтіні

Ортақ қасиеті

Әңгімелеу мәтіні



2-тапсырма:

Мәтінді оқы. Оған ат қой.

Бал арасы табиғатта өздігінен тіршілік етеді. Гүл шырынын сорып, балжинайды.
Адамдар бал арасын балы үшін қолда асырайды.
Бал арасын «еңбекқор жәндік» деп атайды. Өйткені олар өте кішкентай екеніне қарамастан, үлкен жұмыстар атқарады.

А) Мәтіннің пайымдау бөлігін көшіріп жаз.

3-тапсырма:
« Менің ең жақын досым » тақырыбында сипаттау мәтінін жаз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор Білім алушы	Балл
-------------------	---------------	---------------------------	------

Мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды.	1	сипаттау мәтінін анықтайды.	1
		әңгімелеу мәтінін анықтайды.	1
		ортақ қасиетін табады.	1
Тірек сөздер/көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтайды.	2	мәтінді оқиды, оған ат қояды.	1
		мәтіннің пайымдау бөлігін анықтап жазады.	1
		жіберілген орфографиялық, грамматикалық қателерді тауып, түзетеді.	1
« Менің ең жақын досым » тақырыбында сипаттау мәтінін жазады.	3	мәтіндерді түрлеріне қарай ажыратады.	1
		Сөйлемнің құрылымын сақтайды және сәйкес тыныс белгісін қояды.	1
		мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтайды.	1
		Мәтінді қатесіз әрі көркем жазады.	1
Барлығы			10

3 сынып. Қазақ тілі БЖБ№2 I нұсқа күні: _____

Оқушының аты-жөні: _____

«Жаксыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері Оқылым Жазылым

Оқу мақсаты 3.3.3.1 Мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, баяндау/ сипаттау мәтіндерін анықтау

Бағалау критерийі Білім алушы

- Мәтіннің түрін ажыратады
- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды
- Көп нүктенің онындағы сөзді анықтайды
- Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды
- Сөйдерді топтастырып жазады.

Тиін – қолға тез үйретілетін жануардың бірі. Ол есте сақтау, жылдамдық, ептілік, аңғарғыштық сияқты қабілеттерге ие. Тиін адамға жақын аймақта өмір сүреді, өйткені тамақты үйдің маңайынан іздейді. Үй тиіні өзінің иесін танып, лақап атымен шақырғанда келеді. Мұның барлығы – тиіннің ақылдылығын дәлелдейді.

➤ Мәтіннің түрін анықта.

сипаттау мәтіні

әңгімелеу мәтіні

пайымдау мәтіні

➤ Мәтінге сәйкес сөйлемдерді белгіле (✓).

Тиін үй маңайында өмір сүреді. ☐

Тиін ақымақ жануар. ☐

Тиін қолға тез үйретілетін, ақылды жануар. ☐

➤ Көп нүктенің орнына сөзді тауып қой.

Жақсылық ... басында,

Жамандық ... астында.

➤ Сөздерді топтап жаз.

Көйлек, шелек, ожау, етік, шапан, пышақ, табақ, орамал, бөрік, кесе, жейде.

Киімдер: _____

Ыдыс-аяқтар: _____

Киімдерге байланысты екі сөйлем, ыдыс-аяққа байланысты екі сөйлем жаз.

3 сынып. Қазақ тілі БЖБ№2 II нұсқа күні: _____

Оқушының аты-жөні: _____

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері Оқылым Жазылым

Оқу мақсаты 3.3.3.1 Мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, баяндау/ сипаттау мәтіндерін анықтау

Бағалау критерийі Білім алушы

- Мәтіннің түрін ажыратады
- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды
- Көп нүктенің онындағы сөзді анықтайды
- Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды
- Сөйдерді топтастырып жазады.

Тропикалық құстардың бірі-тоты. Тотылар алуан түрлі дауыспен сайрайды, тіпті адамша сөйлей де біледі. Тотылар үшін қанаттан гөрі тұмсық әлдеқайда маңыздырақ. Өйткені олар бұтақтан-бұтаққа секіріп жүреді, ұшуды білмейді. Ал тұмсығымен ірі жанғақтарды шағады, дәнді шоқып жейді.

➤ **Мәтіннің түрін анықта.**

сипаттау мәтіні

әңгімелеу мәтіні

пайымдау мәтіні

➤ **Мәтінге сәйкес сөйлемдерді белгіле (✓).**

Тоты қалықтап жақсы ұшады.

☐

Тотыға тұмсық маңыздырақ емес.

☐

Тоты-тропикалық құс.

☐

➤ **Көп нүктенің орнына сөзді тауып қой.**

Шөлдің ... болмайды.

Жаманның ... болмайды

➤ **Сөздерді топтап жаз.**

Алмұрт, дәптер, қалам, өрік, шие, өшіргіш, алма, жүзім, қарандаш, бидай, сызғыш.

Оқу құралдар: _____

Жемістер: _____

Оқу құралдарына екі сөйлем, жемістерге байланысты екі сөйлем жаз.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
	№		

Білім алушы

Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды	1	мәтіннің түрін анықтайды;	1
		мәтінге сәйкес сөзді анықтайды	1
Мақалдағы сөздерді анықтайды Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды	2	көп нүктені онындағы сөздерді анықтайды; (тау)	1
		көп нүктені онындағы сөздерді анықтайды; (аяқ)	1
		бірінші сөздерді топтастырып жаза біледі	1
		екінші сөздерді топтастырып жаза біледі	1
		киімге байланысты сөйлем құрай алады	1
		ыдыс-аяққа байланысты сөйлем құрай алады.	1
		сөйлемнің құрылымын сақтайды.	1
		сөйлемді қатесіз жазады.	1
		Жалпы балл	

Тыңдалым және айтылым

1. Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Өрісте лақ, құлын, қозы үшеуі кездесе кетті. Іші пысқан олар бірігіп ойнамақ болды. Әуелі нендей ойын ойнайтындарын талқыға салды. Сөзді ақ лақ бастады.

- Ойынның қызығы тауға шығу. Тастан – тасқа секіріп ойнау. Әрі қан тарайды, әрі миың тынығады, - деді. Қошақан лақтың сөзін жаратпады.

- Секіріп, шошаңдап ойнау ойын емес. Ойынның қызығы қошқарша сүзісіп ойнау. Әрі күшің толады, әрі құмарың қанады.

- Сендердің ойындарың көңілге қонбайды. Ойнаған соң шапқылап жарысайық. Тұра қалып тебісейік, - деді құлын.

Үшеуі қызыл кеңірдек болып ұзақ керісті. Ақыры бір –бірімен келісе алмай, тарап кетті.

- Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсыңдар?

Бір-бірімен келісу,
ақылдасу, ауызбіршілікте болу

Ойын ойнау, уақытын босқа
өткізу

Мәтін не туралы?

Мәтінге ат қой?

« Сүйікті жануарым» тақырыбына жұбыңмен диалог құр.

Оқылым

2. Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Бір күні Сәлім аулада Әлім деген досымен ойнап жүрген. Үйге қарай қолында таяғы бар ақ сақалды, қарт кісі келе жатты. Сәлім жүгіріп барып сәлем берді.

Қарт:

- Көп жаса, балам! Атаң сені өнегелі іске үйреткен екен, - деп риза болып қалды.

Содан соң Әлімге қарап:

- Балам, сен неге қарт адамға сәлем бермейсің? – деп сұрады.

- Ата, мен сізді танымаймын ғой, – деп жауап берді Әлім.

- Үлкендерге танымасаң да Сәлім сияқты сәлем беріп, ілтипат көрсетуің керек, – деді қарт.

Әлім үндеместен төмен қарай берді.

Мәтін түрін анықта. _____

Мәтінге ат қой. _____

Мәтіннің негізгі ойына сәйкес келетін мақалды белгіле (✓)

Әдептілік белгісі –іліп сәлем

Сіз деген әдеп, біздеген көмек

Мәтін бойынша пікір білдіруге бағытталған 1 сұрақ құрастыр және жауап бер.

Жазылым

3. Мәтіннен қаратпа сөзі бар сөйлемдерді тауып, көшіріп жаз. Қаратпа сөздердің астын сыз.

Мәтіндегі тағы қай сөйлемдерді қаратпа сөзбен толықтыруға болады? Бір сөйлемді толықтырып жаз.

Балл қою кестесі

Тыңдалым және айтылым

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Бір-бірімен келісу, ақылдасу, ауызбіршілікте болу	1	
	Төлдер туралы/ қозы, лақ, құлын	1	Сұрақтың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа немесе толық жауаптар қабылданады.
	Жаз/Төлдер	1	
	Білім алушының ықтимал жауабы - Сенің сүйікті жануарың бар ма?/ Сенің сүйікті жануарың қандай? -Менің сүйікті жануарым... Сен оған қандай ат қойдың?/Оны қалай атағың келеді? -Оның аты- ... -Оның сыртқы сипаты қандай? -Оның түсі ... -Оның қандай әдеттері бар? -Ол ... Біз...	1	Тақырыпқа сәйкес диалог құрастырады
		1	Сұхбаттасына сұрақ қояды және сұраққа сәйкес жауап береді
		1	Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды
Барлығы		6	

Оқылым

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
2	Әңгімелеу/әңгімелеу мәтіні	1	Мәтіннің мазмұнына сәйкес болатын баламалы тақырыптар қабылданады.
	Әдепті бала/Достар/Күтпеген қонақ	1	
	Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені	1	
	Білім алушының ықтимал сұрағы: Саған қай кейіпкердің іс-әрекеті ұнады немесе ұнамады? Неліктен? Әлім неліктен төмен қарады?	1	Пікір білдіруге бағытталған баламалы сұрақтар мен сұрақтың мазмұнына сәйкес болатын қысқа және толық
	Білім алушының ықтимал жауабы: Сәлімнің іс-әрекеті ұнады, себебі ол қарт кісімен амандасты/Әлімнің танымайтын кісімен сәлемдеспегені ұнамады/ Амандаспағаны үшін ұялды/ Қарттың айтқан сөзінен ұялды/ ісіне өкінді.	1	
Барлығы		5	

Жазылым

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
3	-Көп жаса, балам!	1	
	-Балам, сен неге қарт адамға сәлем бермейсің?	1	
	-Ата, мен сізді танымаймын ғой	1	
	Атаң сені өнегелі іске үйреткен екен, Сәлім/ Балам, үлкендерге танымасаң да Сәлім сияқты сәлем беріп, ілтипат Көрсетуің керек.	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы сөйлемдер де қабылданады.
	Қаратпа сөздің тыныс белгісін дұрыс Қояды.	1	
Барлығы		5	

Математика пәнінен №1 БЖБ

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«1000 көлеміндегі сандар. Қосу және азайту» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер 4.3 Тізбектер
Оқу мақсаты	2.1 Санды және әріпті өрнектер 2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу 3.1.1.3 Үш таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу 3.4.3.1 1000-ға дейінгі сандар/ мыңдықтармен миллионға дейінгі сандар тізбектерінің заңдылығын анықтау 3.2.1.2 Әріптердің берілген мәндерінде екі әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табу 3.2.2.1 Қарапайым теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Үш таңбалы сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктейді • Сандар тізбегіндегі заңдылықты анықтайды • Екі айнымалысы бар әріпті өрнектерді жазады, мәнін табады • Қарапайым теңсіздіктердің шешімін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Берілген санды жаз: **4жүзд. 8 онд. 7 бірл.** = _____

- Санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жаз. _____
- Санда барлығы неше ондық бар? _____

2-тапсырма

Тізбектегі келесі екі санды жаз.

956, 935, 914 ...

10 000, 30 000, ...

3-тапсырма

$a = 574$, $b = 412$ деп алып, $a + b$, $a - b$ өрнектерінің мәнін тап.

4-тапсырма

Егер $y = 560$ болса, $900 - y > 300$ теңсіздігі ақиқат бола ма? Тексер.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Үш таңбалы сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктейді	1	разрядтық құрамы негізінде үш таңбалы санды жазады;	1
		үш таңбалы санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жазады;	1
		үш таңбалы санның ондықтарының жалпы санын анықтайды;	1
Сандар тізбегіндегі заңдылықты анықтайды	2	мың көлеміндегі сандар тізбегін кему ретімен жалғастырады;	1
		миллионға дейінгі сандар тізбегін мыңдықтармен өсу ретімен жалғастырады;	1
Екі айнымалысы бар әріпті өрнектердің мәнін табады	3	өрнектерді жазады;	1
		қосындының мәнін табады;	1
		айырманың мәнін табады;	1
Қарапайым теңсіздіктердің шешімін анықтайды	4	айырманың мәнін табады;	1
		теңсіздікті тексереді.	1
Барлығы			10

3 сынып. Математика БЖБ№2 І нұсқа. Күні: _____
Оқушының аты-жөні: _____

«Көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше

1.2 Сандармен амалдар орындау
1.3 Шамалар және өлшем бірліктер
5.1 Есептер және математикалық модель

Оқу мақсаты

3.1.2.3 Көбейтудің ауыстырымдылық, үлестірімділік, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану

3.1.3.3 см², дм², м² өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау

3.5.1.4 Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді талдау және шығару

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Тиімді есептеу үшін көбейтудің қасиеттерін қолданады
- Атаулы сандармен амалдар орындайды
- Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген

1-тапсырма

Тиімді тәсілмен орында.

$$3 \cdot 100 \cdot 2 =$$

$$(8 + 4) \cdot 5 =$$

$$18 : 3 + 6 \cdot 0 =$$

$$12 : 6 \cdot 3 =$$

$$(8 + 4) \cdot 5 =$$

[illegible]

2-тапсырма

Өрнектердің мәнін тап.

$$(34 \text{ дм}^2 + 56 \text{ дм}^2) : 3 =$$

$$(62 \text{ m}^2 - 53 \text{ m}^2) \cdot 4 =$$

$$35\text{ M}^2:7+5\text{ M}^2$$

$$21 \text{ дм}^2 : 7 + 10 \text{ дм}^2$$

Есепті шығар.

Бір қорап қарындаштың бағасы 90 теңге. 360 теңгеге осындай неше қорап қарындаш сатып алуға болады?

[illegible]

3 сынып. Математика БЖБ№2 I нұсқа. Күні: _____

«Көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқушының аты-

Бөлімше

- 1.2 Сандармен амалдар орындау
1.3 Шамалар және өлшем бірліктер
5.1 Есептер және математикалық модель

Оқу мақсаты

- 3.1.2.3 Көбейтудің ауыстырымдылық, үлестірімділік, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану
3.1.3.3 см², дм², м² өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау
3.5.1.4 Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді талдау және шығару

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Тиімді есептеу үшін көбейтудің қасиеттерін қолданады
- Атаулы сандармен амалдар орындайды
- Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген

1-тапсырма

Тиімді тәсілмен орында.

$$3 \cdot 100 \cdot 2 =$$

$$18 : 3 + 6 \cdot 0 =$$

$$(8 + 4) \cdot 5 =$$

$$12 : 6 \cdot 3 =$$

$$(8 + 4) \cdot 5 =$$

жөні: _____

2-тапсырма

Өрнектердің мәнін тап.

$$(44 \text{ дм}^2 + 46 \text{ дм}^2) : 3 =$$

$$(56 \text{ м}^2 - 53 \text{ м}^2) \cdot 4 =$$

$$5 \text{ м}^2 + 45 \text{ м}^2 - 50 \text{ м}^2$$

$$9 \text{ м}^2 \cdot 3 + 20 \text{ м}^2$$

3-тапсырма 7Есепті шығар.

Қала саябағында 230 терек өсіп тұр, ал қараағаш одан 125-ке артық. Қала саябағында барлығы қанша ағаш өсіп тұр?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тиімді есептеу үшін көбейтудің қасиеттерін қолданады	1	көбейтудің терімділік қасиетін қолданады; өрнектің мәнін табады;	1
		көбейтудің үлестірімділік қасиетін қолданады;	1

		өрнектің мәнін табады;	1
		қосындының мәнін есептейді;	1
Атаулы сандармен амалдар орындайды	2		
		бөліндінің мәнін табады;	1
		айырманың мәнін есептейді;	1
		көбейтіндінің мәнін табады;	1
Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығарады	3	есептің қысқаша шартын құрастырады;	1
		есептің шарты бойынша санды өрнек құрастырады;	1
		санды өрнектің мәнін табады.	1
Жалпы балл			10

Математика пәнінен №3 БЖБ

«Кестелік көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	2.1 Санды және әріпті өрнектер
	5.1 Есептер және математикалық модель
Оқу мақсаты	3.2.1.6 Төрт амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу
	3.5.1.5 **жанама сұрақтары болатын есептерді («бірнеше бірлік артық/кем», «бірнеше есе есе артық/ кем» қатынастарымен байланысты); тік төртбұрыштың (шаршының) қабырғалары мен ауданын; еселік салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i>
	• Төрт амалды жақшасыз өрнектердің мәнін табады • Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығарады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
	Қолдану
Орындау уақыты	15 минут

1-тапсырма

Амалдардың орындалу ретін көрсет. Өрнектің мәнін тап.

$$56 - 12 : 3 \cdot 6 + 15 =$$

2-тапсырма

Кестені толтыр және есепті шығар.

Ағаштан жасалған 8 ыдысқа 40л қымыз құйылды. 30л қымызды құю үшін осындай неше ыдыс қажет?

1 ыдыс сыйымдылық	Саны	Жалпы массасы
Бірдей	8ы	40л
	?ы	30л

3-тапсырма Салыстыр

3*7 7*3

(7+2)*3 7+2*3

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Төрт амалды жақшасыз өрнектердің мәнін табады	1	амалдардың орындалу ретін анықтайды;	1
		бөліндінің мәнін табады;	1
		көбейтіндінің мәнін табады;	1
		айырманың мәнін табады;	1

		қосындының мәнін табады;	1
Жанама сұрақтармен берілген есептерді шығару	2	кестеге сандық мәліметтерді жазады;	1
		есептің шартына сәйкес санды өрнек құрастырады;	1
		өрнектің мәнін табады.	1
Салыстыр	3	Дұрыс салыстырады	1
		Дұрыс салыстырады	1
Барлығы			10

Оқушының аты-жөні: _____ Сыныбы: 3 « »

«Математика» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Сандарды цифрмен жаз. Оларды салыстыр.

Атауы	Сан	Сандарды салыстыру
Төрт жүз екі		
Үш жүз елу бес		

2. Есепте

$$568 - 145 =$$

$$257 + 685 =$$

3. Баған түрінде орында

$$237 + 235 =$$

$$482 - 245 =$$

4. Шамаларды салыстыр.

$$62 \text{ кг} \quad \square \quad 6\,200 \text{ г}$$

$$420 \text{ ц} \quad \square \quad 42 \text{ т}$$

5. $A = \{2, 3, 4, 5\}$ және $B = \{4, 5, 6, 7, 8\}$ жиындары берілген A және B жиындарының бірігуі мен қиылысуын жаз.

$$A \cup B = \underline{\hspace{2cm}}$$

$$A \cap B = \underline{\hspace{2cm}}$$

6. Амалдардың орындалу ретін көрсет. Өрнектің мәнін тап.

$$45 : (13 - 8) \cdot 6 =$$

7. Есепті шығар.

Бірінші бидонда 15 литр сүт бар, бұл екінші бидонға қарағанда 3 есе кем. Екінші бидонда неше литр сүт бар?



Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	402,355	1	
	402>355 немесе 355<402	1	
2	423	1	
	942	1	
3	472	1	
	237	1	
4	62 кг > 6200 г	1	
	420 ц = 42 т	1	
5	$A \cup B = \{2,3, 4,5,6,7,8\}$	1	
	$A \cap B = \{4,5\}$	1	
6	$(2^2 \cdot 3^1)^3 = 54$	3	
7	1-бидонда-15 л.сүт  3 есе кем 2-бидонда -? л.сүт 	1	Білім алушылар есептің сызбасын сызуы да мүмкін
	$15 \cdot 3 = 45$	1	
	Ж: Екінші бидонда 45 литр сүт бар	1	
Барлығы		16	

Жаратылыстану пәнінен БЖБ №1

Жаратылыстану «Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сынып: _____ Күні: _____ Білім алушының аты - жөні: _____

Мақсаты: 3.2.1.1 Өсімдіктердің фотосинтез процесінде оттегі бөлуін түсіндіру


3.2.1.2 Өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу жолдарын түсіндіру

3.2.1.4 Адамның іс-әрекеттерінің өсімдіктердің саналуандығына әсерін түсіндіру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Фотосинтез процесін сипаттайды
- Өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына бейімделу жолдарын сипаттайды
- Адам әрекеттерінің өсімдіктердің көптүрлілігіне тигізетін әсерін анықтайды

1.1 Фотосинтез үдерісінде өсімдік ауадан нені сіңіреді және нені бөліп шығарады?
Суреттегі бағдарлардың тұсына жаз. **/ 2/**



1.2 Дұрыс жауапты белгіле. **/1/**

Фотосинтез үдірісі жүзеге асады	Иә	Жоқ
Күн сәулесінің қуатымен		
Өсімдік тамыры арқылы		

2. Өсімдіктер топтарына мысал келтір. /2/

Жарықсүйгіш өсімдіктер: _____

Көлеңкесүйгіш өсімдіктер: _____

3.Дұрыс жауапты белгіле /1/

3.1.Адамдардың өсімдіктер әлеміне пайдасы:

а)өртейді ә)күтім жасайды б)жояды

3.2.Адамдар бау-бақшаны ,егісті не үшін егеді?/1/

3.3.Қызыл кітап неге керек? /1/

а)өсімдік түрлерін анықтау үшін

ә)жойылып бара жатқан өсімдіктерді қорғау мақсатында

б)естелік үшін

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
	№	Білім алушы	
Фотосинтез процесін сипаттайды	1	1.Фотосинтез үдірісін анықтайды	1
		Көмірқышқылгаз	1
		Оттек	1
2.Фотосинтез үдірісінің жүзеге асу процесін анықтайды	1		1
Өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына бейімделу жолдарын сипаттайды	2	Жарықсүйгіш өсімдікке мысал келтіреді	1
		Көлеңкесүйгіш өсімдікке мысал келтіреді	1
Адам әрекеттерінің өсімдіктердің көптүрлілігіне тигізетін әсерін анықтайды	3	1.Адамдардың өсімдіктер әлеміне тигізетін әсерін анықтайды	1
		2.Адамдардың егіс пен бау-бақшаны неліктен егетіні туралы мысал келтіреді	1
		3.Қызыл кітап неге керек екенін анықтайды	1
Жалпы балл			8

Жаратылыстану БЖБ №2 I –нұсқа Күні: _____

Оқушының аты-жөні: _____

(«Тірі табиғат», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыптары аясында)

Бөлімше

2.2 Жануарлар

Оқу мақсаты

3.2.2.1 Жануарларды омыртқалыларға және

омыртқасыздарға жіктеу

3.2.2.2 Жануарларды тіршілік ортасы бойынша

ажырату

3.2.2.6 Адамның жануарлар санының азаюына себепші болатын іс-әрекет түрлерін анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Омыртқалы және омыртқасыз жануарларды ажыратады
- Жануарлардың тіршілік ортасын анықтайды
- Адамның жануарлар санының өзгеруіне әсер ететін әрекеттерін сипаттайды

1-тапсырма

Дене құрылысына қарай жануарлардың қай топқа жататынын анықта және жаз.



Шылаушын - _____



Түйе - _____

2-тапсырма Жануарлардың атауын олардың тіршілік ортасымен сәйкестендір.

Түлкі

суда

Шортан

құрлық-ауа

Торғай

Қарға

шылаушын

топырақ

Кертышқан

3-тапсырма

- Адамның қандай іс-әрекеттері жануарлар санының **көбеюіне** әсер етеді? Бір мысал келтір.

- Жануарлар не үшін шайқасады?

- Қосмекенділерге нелер жатады? Мысал келтір.

- Жабайы жануарларға нелер жатады?

- Жабайы және үй жануарларының айырмашылығы

Жаратылыстану БЖБ №2 II –нұсқа Күні: _____

Оқушының аты-жөні: _____

(«Тірі табиғат», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыптары аясында)

Бөлімше

2.2 Жануарлар

Оқу мақсаты

3.2.2.1 Жануарларды омыртқалыларға және

омыртқасыздарға жіктеу

3.2.2.2 Жануарларды тіршілік ортасы бойынша

ажырату

3.2.2.6 Адамның жануарлар санының азаюына себепші болатын іс-әрекет түрлерін анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Омыртқалы және омыртқасыз жануарларды ажыратады
- Жануарлардың тіршілік ортасын анықтайды
- Адамның жануарлар санының өзгеруіне әсер ететін әрекеттерін сипаттайды

1-тапсырма

Дене құрылысына қарай жануарлардың қай топқа жататынын анықта және жаз.



Ұлу – _____



Жылқы - _____

2-тапсырма Жануарлардың атауын олардың тіршілік ортасымен сәйкестендір.

Ақбөкен

суда

Сазан

топырақ

құрлық-ауа

3-тапсырма

- Адамның қандай іс-әрекеттері жануарлар санының **азаяюына** әсер етеді? Бір мысал келтір

➤ Жануарлар қай жерлерде мекен етеді?

➤ Құстарға нелер жатады? Мысал келтір.

➤ Үй жануарларына нелер жатады?

➤ Жабайы және үй жануарларының айырмашылығы

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Омыртқалы және омыртқасыз жануарларды ажыратады	1	омыртқалы жануарды анықтайды;	1
		омыртқасыз жануарды анықтайды;	1
Жануарлардың тіршілік ортасын анықтайды	2	суда тіршілік ететін жануарларды анықтайды;	1
		құрлық-ауа қатынасында тіршілік ететін жануарларды анықтайды;	1
		топырақ арасында тіршілік ететін жануарларды анықтайды;	1
Адамның жануарлар		адамның жануарлар санының көбеюіне	1

санының өзгеруіне әсер	3	әсер ететін әрекетіне мысал келтіреді;	
ететін әрекеттерін		Жануарларды не үшін шайқасатындығын анықтайды	1
		Қосмекенділерді анықтайды	1
		Жабайы жануарларды анықтайды	1
		Жабайы және үй жануарларының айырмашылығын табады	1
сипаттайды			
Жалпы балл			10

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Омыртқалы және омыртқасыз жануарларды ажыратады	1	омыртқалы жануарды анықтайды;	1
		омыртқасыз жануарды анықтайды;	1

Жануарлардың тіршілік ортасын анықтайды	2	суда тіршілік ететін жануарларды анықтайды;	1
		құрлық-ауа қатынасында тіршілік ететін жануарларды анықтайды;	1
		топырақ арасында тіршілік ететін жануарларды анықтайды;	1
Адамның жануарлар санының өзгеруіне әсер ететін әрекеттерін сипаттайды	3	адамның жануарлар санының азаюына әсер ететін әрекетіне мысал келтіреді.	1
		Жануарлардың қайда мекендейтінін анықтайды	1
		Құстарды анықтайды	1
		Үй жануарларын анықтайды	1
		Жабайы және үй жануарларының айырмашылығын табады	1
		Жалпы балл	10

Жаратылыстану пәнінен ТЖБ №1

Оқушының аты-жөні: _____ Сыныбы: 3 « »

«Жаратылыстану» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1.Фотосинтез барысында өсімдік нені сіңіреді және нені бөліп шығарады?

2.Берілген өсімдіктерді қоршаған орта жағдайларына бейімділігіне қарай сәйкестендір



Суыққа төзімді

Жылу сүйгіш

Ылғал сүйгіш

Құрғақшылыққа төзімді

3. А)Адамдардың қандай әрекеттерінен өсімдіктердің саны азайып кетуі мүмкін?

Ә) Адамдардың қандай әрекеттері өсімдіктер санының көбеюіне әсер етеді?

4. Жануарларды мекен ететін ортасына қарай сипаттап жаз

Орманда	
Тауда	
Суқоймада	
Ашық кеңістікте	

5.Жануарлар арасындағы өзара қарым-қатынас түрлерін білесің?

6. . Өсімдіктер мен жануарлардың арасында қандай байланыс бар? Белгіле (□) .

A) Жануарлар өсімдіктердің тұқымын таратуға көмектеседі.

☐

B) Кейбір жануарлар үшін өсімдіктер баспана болады.

☐

C) Жануарлар бір-біріне өзара тәуелді болады.

☐

D) Кейбір жануарлар өсімдіктермен қоректенеді

☐

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Өсімдік оттегімен тыныс алып, көмірқышқыл газын бөліп шығарады	1	
2	Жантақ/ құрғақшылыққа, бақбақ/ ылғал сүйгіш, бидай/суыққа төзімді, жүгері/ жылу сүйгіш	4	Әр дұрыс аталған өсімдіктерді қоршаған орта жағдайларына бейімділігіне қарай 1 балл қойылады.
3	Білім алушының ықтимал жауаптары: 1)Адамдар қалалар, жолдар салады/ жер жыртады/батпақты құрғатады/ зауыт пен Фабриканың зиянды қалдықтарын төгеді/	1	
	2)табиғи бірлестіктерді сақтау керек/ұлттық саябақтар мен қорықтар құрады/ботаникалық бақтар өсіреді/ Қызыл кітапқа енгізеді/табиғатқа жанашырлықпен қарау керек/Өсімдіктерді босқа жұлмау керек/..	1	
4	Орманда/сүтқоректілер құстар; тауда/ мүйізділер,тауешкі,бүркіт; суда/балықтар,қосмекенділер; ашық кеңістікте/ сүт қоректілер,бауырымен жорғаулаушылар;	4	

5	Жануарлар бір-бірімен қорек және тіршілік ортасы үшін жиі бәсекелеседі.Мысалы, бір аймақта бұғы көп болса, онда солжердегі қорек тез таусылады.Енді оларға жаңа мекен керек болады.Бұлұрпақөсіруге қиындық келтіреді. Сондықтан бұғылар мекен үшін таласып, жиі шайқасады.	2	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
6	А) Жануарлар өсімдіктердің тұқымын таратуға көмектеседі. ☒ В) Кейбір жануарлар үшін өсімдіктер баспана болады. ☒ С) Жануарлар бір-біріне өзара тәуелді болады. ☐ Д) Кейбір жануарлар өсімдіктермен қоректенеді. ☒	3	Әр дұрыс аталған өсімдіктер мен жануарлардың арасында байланысқа 1 балл қойылады.
Барлығы		16	

Дүниетану пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау

Оқушының аты-жөні: _____

Сыныбы: 3

Күні:

1-тапсырма

1. Жер бетіндегі полярлық белдеуде және қоңыражай климаттық белдеуде өмір түсіретін жануарларды топтап жаз. бар?

1) Полярлық белдеуде

2) Қоңыражай климаттық белдеуде

2-тапсырма. Катаклизмдерді жіктеп жаз.

Геологиялық катакализм	Ауа райы, климаттық катакализм

3-тапсырма

Табиғаттағы қауіп-қатерлерден қорғану үшін қандай ережені сақтаймыз.

4-тапсырма Табиғатта өсімдіктерден, жануарлардан, табиғи құбылыстардан келетін қауіптерге мысал келтір.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор Білім	Балл
		алушы	

Жер бетіндегі полярлық белдеуде және қоңыражай климаттық белдеуде өмір түсіретін жануарларды топтап жаз. бар?	1	Полярлық белдеуде Қоңыражай климаттық белдеуде	1
			1
Катаклизмдерді жіктеп жаз.	2	Геологиялық катакализм	2
		Ауа райы,климаттық катакализм	2
Табиғаттағы қауіп-қатерлерден қорғану үшін қандай ережені сақтаймыз.	3	Табиғаттағы қауіп-қатерлерден қорғану үшін қандай ережені сақтаймыз.	2
Табиғатта өсімдіктерден ,жануарлардан,табиғи құбылыстардан келетін қауіптерге мысал келтір.	4	Табиғатта өсімдіктерден ,жануарлардан,табиғи құбылыстардан келетін қауіптерге мысал келтір.	2
Барлығы			10 балл